




18-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ. 2-БӨЛІМ

Португалия музыкасы /жалғасы/





Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Португалия музыкасы /жалғасы/

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

**Дәрістің мақсаты:** Лиссабон Жаңа университетінің жанындағы Этномузикатану институтының Президенті, португал музикатанушысы Сильва Эль-Шаван Каштелу-Бранконың “Португалияда музыканы саяси категоризациялау” еңбегіне шолу жасау. Автор Португалиядағы саяси өмір ықпалымен қоғамдық және ғылыми ортада халық музыкасы ұғымына көзқарастардың өзгергендігі жайлы байламдарына шолу жасайды. Сонымен бірге кей жанрлардың саяси мақсаттарда қолданылғандығы туралы да айтады.

### «Барша ауылдар ішінде ең Португалды ауыл» сайысы

1938 жылы Ұлттық ақпарат және насихат бюросы ұйымдастырған («Барша ауылдар ішінде ең Португалды ауыл» атағы үшін бір ғана сайыс ресми түрде құрылымдалған музыкалық және би ұжымдары арқылы ұлт бейнесінің сырт және дыбыстық сұлбасын ұсынды, кең тараған түсінік бойынша XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың бастапқы кезеңі арасында орын тепкен аңсаған арман-мұраттарға толы өткенге орала отырып, сахыналық киімдерде жергілікті репертуарларды орындайтын. Түпнұсқалықты, ескілікті және өзгешелікті көрсете отырып, сайыс Еуропа құрлығындағы барлық ауылдардың ішінен ең португалды ауылды таңдап алуға тырысты. Жеңіске жеткен ауыл (сайыс ережесінен дәйексөз келтіріп отырмыз: «жергілікті дәстүрлердің ыдырауына және шетелдік ықпалдарға... қарсы барынша тегеурінді қарсылық көрсетіп, сол дәстүрлердің бұзылмаған таза қалпында сақталуына» атсалысуы тиіс делінеді. Мына нәрселер басты назарға алынды. Олар: баспана, жиһаз, тұрмыс заттары, костюмдер, колөнер, сауда түрлері, көлік; поэзия, әңгімелер, ырым-тыйымдар, ойындар, ән айту, музыка, хореография, театр, фестивальдар (festas) және басқа да жергілікті қолданыс түрлері мен қызметтері; топография мен ландшафт. Әрбір ауыл ең шынайы түрде жергілікті дәстүрлерін паш ете отырып, белгілі бір күні ұлттық қазылар алқасы алдында сайысқа түсуі қажет. Бәсекелесуші ауылдарға қолда бар ресурстардан бөлек олардың «этникалық ортасы мен әкімшілік басқару аумағын» танытатын түпнұсқа шаралар мен жергілікті дәстүрлерді ұйымдастыру рұқсат етілді.

Жергілікті мәдениет қайраткерлерінің және қала зиялыларының жетекшілігімен ауыл тұрғындары қолданыстан шығып қалған дәстүрлерді қайта жаңғыртты, ырымдарды, оның бастапқы аясынан тысқары ұсынып, жергілікті дәстүрлердің қайта жаңғырған құрылымдарын орындайтын музыка және би топтарын құрды. Бәсекелес ауылдардың барлығы оның жұмбақ, трансцендентті, ескі, дәстүрлі һәм табиғи сипатын танытатын риториканы қолдана отырып, «үздік португал ауылы» бейнесін көрсетуге тырысты. Қазылар алқасы Испания шекарасынан алыс емес жерде орналасқан Шығыс Португалияның орталық бөлігіндегі Монсанта қаласын барлық ауылдардың ішінде ең португалдырақ ауыл ретінде таңдап алынды. Монсантаға марапат ретінде таудың ұшар биігінде орналасқан ортағасырлық қамалға және сол жердегі қонақтарды жайғастыратын қонақ үйге жеткізетін Күміс қораз жаңа тасжолы ұсынылды.

Салазардың ұлтшылдық идеологиясын дамыту үшін қала саясаткерлері мен интеллектуалдары ойластырған бәсекелестік жергілікті экспрессив мәдениеттің институтционалды моделінің қалыптасуында шешуші рөл атқарды және қалалық тұтыну мен туризм үшін тауарға айналуына, нәтижесінде ауылдық мекендер жергілікті мәдениеттің түпнұсқа көрсеткіші ретінде қайтадан қолданыс көзіне айналуына әсер етті.

Сайыстан кейін ілгеріде ауылдық мәдениетпен байланысты болған фольклор ұғымы ауылдық түп нұсқа мәдениетті көрсету үлгісімен тығыз байланысты бола бастады, осы шара үшін жаңаша қалып тапқан әрі ranchos folclóricos шараларындағы өнер көрсету барысында айқын сипат тапқан ұғымға айналды. Манхаус ауылында этномузикатанушы Мария де Росарио Пестана сұқбат алған жандардың бірінің айтуынша ол өзі де қатысқан 1938 жылғы дода «халық музыкасының бастауын» көрсетеді. Сайыстан соң үкімет ұлттық және жергілікті құрылымдарының желісі арқылы фольклорлық топтарды қолдады және бақылауда ұстады. 1950 жылдары ендігі толыққанды фольклорлық қозғалыстар басталды.

1974 жылы демократия орнаған соң мәдениет саласындағы саясаткерлер мен зиялылардың күткеніне қарама-қайшы түрде Салазар тәртіптемесі институттандырған және қолдаған фольклор қозғалысы айтарлықтай ұлғайды. 1999 жылы Лиссабон New University-дің Этномузикатану институтының зерттеу тобы фольклорлық топтарға қатысты жүргізген мәліметтерге сәйкес 3000-нан аса топ мемлекет бойынша белсенді жұмыс істейтіні белгілі болды, олар ер мен әйел аралас 100 000-нан аса мүшесін біріктіре отырып, он жастағы баладан жетпістен жоғары кәріге дейінгі жас ерекшеліктерінің ауқымды диапазонын қамтыды.

1938 жылы құрылған фольклор топтарының құрылымы, репертуары және орындаушылық практикасы қазіргі күнге дейін сақталған, алайда олардың демеушілігі қалалық бастармалар мен басқа да жергілікті құрылымдарға көшірілген. Фольклорлық топтарды басқару көбіне жеке ерікті ассоциация саналатын



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Португалия музыкасы /жалғасы/

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Португалия фольклор федерациясымен, жергілікті ассоциациялармен және сол топтардың өздерімен жүзеге асты.

Бұдан былай ұлт бейнесін сомдап көрсету үшін ресми сипаттағы құрылымға айналмаған, алайда түпнұсқалық идеалды басшылыққа алған көптеген топтар әр аймақтың музыкасын, биін және сахына киімдерін өздері табан тіреген өңірде көрсетуге тырысатын болды, бұл негізінен шағын аудандарға (freguesia) сәйкес келеді. XX ғасырдың соңында Португалиядағы фольклорлық топтар мыңдаған орындаушыларды шоғырландырды және ауқымды аудиторияны өздеріне қаратты, тарихи жадты мәңгі еске сақтау үрдісін қалыптастыра отырып, репертуарлар дүниеге әкелді, қоғамдық кеңістік пен оқиғаларды тірілтті, қоғамдық өмірдің жаңа аясын қалыптастырды, жергілікті бірегейлік пен қуат көздерін қалпына келтіру талқыға салынды, сонымен қатар тауар ұсына отырып туризм мен мәдениет өндірісін ұлғайтты. Фрейтас Бранко екеуіміз тұжырымдағандай (2003) әртүрлі саяси режимдер аясында фольклорлық практиканың сабақтастығы дегеніміз фольклорлық өнер көрсету тұрғындардың әлеуметтік те, саяси да алаңда мобилизациялануына баға жетпес қорлар қызметін атқарады дегенді білдіреді, дәл осы факт 1938 жылы өктемшіл билік құрған фольклорлану үлгісінің демократиялық жүйеде де сабақтастығын сақтап қалуын түсіндіріп береді.

Ranchos folclóricos әлемінде «фольклор» ұғымы шығу тегі ауылдық музыка мен би репертуарларын көрсетеді. Демократияда фольклор ауыл меншігінің фольклорлық моделін танытты және бұған қоса сонымен байланысты репертуарлар мен орындаушылық стильді паш етті. Бұдан бөлек ол ауқымдырақ мағынаға ие болып, антрополог Жоао Васконселос айтқандай, қоғамдық сфераны қамтыды, оған: ресми және бейресми желіні құрайтын ранчо мүшелері мен көшбасшылары, олардың демеушілері, ұлттық (мемлекеттік) және жергілікті деңгейде басқаратын құрылымдар, сахына киімдері мен музыка аспаптарын жасаушылар, фестиваль мен жәрмеңке секілді шараларды, сонымен қатар туристік нысандарды қамтитын нарық жатады. Бұдан бөлек этнограф Кимберли Хилтон (2005) көрсеткендей, 1990 жылдардан бастап фольклор Португал эмигранттарға Арджун Апай «көңіл-күй қауымдастықтары» деп атаған дүниені құру үшін «трансұлттық желісіне» табан тірей отырып, жергілікті және жаһандық (local–global ) байланыс аясында әлеуметтік алаң ретінде әрекет етіп келеді, бұл қауымдастық әртүрлі кеңістіктегі «дүниені бірге елестетіп, сезе бастайтын» адамдарды біріктіретін қауымдастық. Фольклорлық өнер көрсету аясында құрылған көңіл-күй қауымдастықтары мақсатқа ұмтылыс, мәдени орын мен ранчолықтардың португал тілдес эмигрант тұрғындардың әртүрлі орталықтарына саяхаттауына және өнер көрсетуіне қаржылық мүмкіндік ашатын жарқын сезім сыйлайды.

### **Estado Novo-ға қарсылық: Фернандо Лопес-Грасаның мәдени жауынгерлігі**

Тәртіптемеге қарсы қарсыластар құрамына енген кейбір ғалымдар мен музыканттар Estado Novo-ның мәдени саясатын ойластырып, жүзеге асырған ауылдық дамушы мәдениеттің көрсетілімінің сұлбасына қарсы шықты. Композитор Фернандо Лопес-Граса Estado Novo-ға қарсы қарсыластардың басты тұлғасы болды, ол сол үшін Лиссабондағы Ұлттық консерваториясындағы оқытушылық қызметінен айрылды және үнемі саяси қуғынға ұшырады. Оның күресі идеологиялық та, эстетикалық та болды. Оның композитор, Португал музыкасының ғалымы, пианист, хор дирижері және музыка оқытушысы ретіндегі қызметі музыканың белсенді күші мен әлеуетіне деген сенімге табан тіреді. Ол ауылдық мекендерден шыққан музыка үйлесімі мен басқа да хор шығармаларын режимге қарсы «бейбіт қару» ретінде қолданды. Бела Бартоктан және басқа да ұлттық-композиторлардан шабыт алған ол ауылдық мекен музыкасынан португал тілінің мәнін табуға тырысты, бұл португал музыкалық тұжырымдамалық негізін құрауға және оқу-ағарту мен идеологиялық күрес үшін құрал болуға септеседі. Лопес-Граса үшін ауылдық мекен музыкасы «пана», «құтқару» және «күрес алау мен түпнұсқа ұлттық рухтың растауы» болды .

Бейра-Байша және Алентежо аймақтарына бірнеше далалық зерттеу сапарынан бөлек Лопес Грасаның ауылдық музыкамен таныстығы музыкалық таспалардың қоса алғанда жарыққа шыққан басылымдар арқылы, бұған қоса корсикандық коллекционер Мишел Джакометтидің 1959 және 1980 жылдар аралығында талдау жасап, жинақтап, мәнін айшықтап, түсініктемесін жасап және баспадан шығарған этнографиялық таспалары арқылы жүзеге асқан-тын.

Жемісті автор Лопес Граса 30 томнан аса эссе және Томас Борбамен бірге Музыка сөздігінің екі томдығын жарыққа шығарды. Оның еңбектері ауқымды тақырыптарды қамти отырып түпнұсқа португал ауылдық музыкасының эстетикалық құндылығына пайдалы бағалы тұжырымдар ұсынады, ол оны *canção popular portuguesa* (португал халық әні) деп атады, бұл термин *canção rústica* (ауыл әні) немесе *canção*



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Португалия музыкасы /жалғасы/

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

regional (өңір әні) терминдерімен өзара алмасушы мағынаға ие. Estado Novo қолдан жасаған үлгілермен байланысты түсінік болғандықтан, дискурсында «фольклор» терминін қолданудан қаша отырып, ол өзі кейде «жасанды фольклор» (contrafacção folclórica) деп атаған дүниеге canção popular ұғымын қарсы қойды, тәлкегі сол, оның өзі «асқынған фольклорист» (folclorite aguda) деген диагнозға ие болған дүниенің белгілері еді. Ол сонымен қатар fado-ға және қалалық халық музыкасының música ligeira (жеңілтек музыка) деген таңба тағылған басқа жанрларға да өте сыни көзбен қарады.

Аранжировка маманы, ауыл әндері мен хор дирижері ретінде қызметінің арқасында, сонымен қатар өзінің туындылары мен музыкалық транскрипциялары мен этнографиялық жазбаларының арқасында Лопес Граса қала музыканттары мен интеллектуалдарына 1974 жылғы төңкерістен кейін де, дейін де өте қатты ықпал етті. Оның идеалдары, әдісі мен дискурсы басылымдық журналистік жазба мәдениетінде көрініс тауып, сол жолмен жүрген коллекционерлер еңбектеріне еліктеліп жасалды. Оның música popular-ды антрополог Барнко мен Оливейра «жауынгерлік мәдениет», деп атаған дүниемен салыстыруы, және ол қолжетімді еткен таспалар мен туындылар 1960 және 1970 жылдары саяси белсенді қалалық халық музыкасының дамуына және música popular portuguesa-ны (Португал халық музыкасы) ортақ белгі ретінде қабылдауына әсер етті.

### **Música ligeira (жеңілтек музыка)**

Música ligeira (жеңілтек музыка) Estado Novo құрылымдары қолданған тағы бір ұғым болатын. XX ғасырдың басында ол оперетта мен XIX ғасырда дүниеге келген Португал эстрадалық театрының бір түрі revista театрының музыкасын білдіретін. Бұл ұғым алайда 1935 жылы ашылған Португал ұлттық радиосы іске қосқан музыка өндірісі жүйесінің аясында жаңаша мазмұнға ие болды. Ұлттық насихат бюросының әкімшілік құрылымының қоластындағы Ұлттық радио басымдылықтарының бірі ретінде «Португал» música ligeira-ны (жеңілтек музыка таңдалды. Бұл мақсатқа ауылдық мекен музыкасынан шабыт алған Португал халықтық тұжырымдаманы тудыруға демеушілік ету жолымен қол жеткізілді. Үкіметтің ойынша бұл джаз бен танго (бұл жанрлар сол кезде жеңіл музыка санатына жатқызылды) секілді танымал шетелдік стильдермен күресуге және fado мен revista әндеріне балама ұсынуға көмектесе алар еді. Мемлекеттік радио да оркестр кешеніне демеушілік жасай отырып, жеңіл музыка саласындағы аспаптық практикаға қолдау көрсетті, оның ішіне классикалық, жеңіл және халық музыкасы оркестрі мен үлкенірек аспаптық топтар кірді.

1960 жылдары Теледидарлық ән фестивалі аясында (Еуровижн сайысына қатысатын ән іріктеліп алынатын ұлттық фестиваль) жаңа басымдық мемлекеттік радио таратқан әрі жүргізген модельдің сабақтастығын қамтамасыз ететін canção ligeira жеңіл музыка тұжырымдамасына берілді. Осы шараға тартылған композиторлар мен орындаушылар да осы тұжырымдаманы қабылдады. 1974 жылдан соң да жеңіл музыка Estado Novo мен оның мәдени саясатының коннотациясын тасымалдауы жалғастырылды, бұл осы ұғымды música popular-мен алмастыруға әкеп соқты. Дегенмен, оны әлі де Португал «Авторлық қауымдастығы» «музыка өнеріне» жатпайтын барша композицияларды классификациялау үшін қолданады.

### **Música popular, этномузыкатану және танымал музыка зерттеулері**

Португалия академиясындағы қазіргі этномузыкатану мен танымал музыка зерттеулерінің институттануы салмақты мәселе болған, әлі де сол мәселе жалғасуда. Еуропалық басқа бірнеше елдердегідей Португалияда да ғылыми орта мен саяси және мәдени институттар мен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы шекара ашық. Өзім сипаттауға тырысқан музыкаға қатысты мәдени саясатта, әрекеттерде және дискурстарда көрініс тапқан категориялаудағы саясат пен дикурстық динамика пәндік құрылымдар күресуі тиіс мұраны құрайды. Қазіргі этномузыкатану ғылыми пән ретінде академиялық ортадағы аздаған жандарға таныс болса, журналистік деңгейде «этномузыкатану» термині кем дегенде 1980 жылдардан бастап қолданылуда, және ұмыт қалған әлемді іздеуші жалғыз жинаушы саналатын ер адам мифтік тұлғамен еш өзгеріссіз байланыстырылып келеді. Ол ауылдан ауылға таспаға жазатын құрылғысымен сапар шегетін жинаушы Мишел Джакометтимен байланысты бейне. Фернандо Лопес-Грасаның әрдайым этномузыкатанушы емес, ауыл музыкасына ең әуелі ұлттық музыка нысандарын дүниеге әкелуші бастау ретінде қараған қызыққан композитор екенін ең алдымен айтылу керек. Ауылдық әлем ұмытылды және қайтадан жаратылды, этномузыкатанушы жазбаға, таспаға жүгінуді жөн санады. Мен жинаушылармен 78 айн/мин-тық таспаға жазылған танымал музыканың fado және басқа да жанрлары жайлы сұқбатты айтып отырмын, ол 2007 жылы Jornal de Notícias (Journal of News)





Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Португалия музыкасы /жалғасы/

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

атты күнделікті газетте жарық көрді, ол жерде жинаушыдан сұқбат алушы этномузыкатанушы ретінде танытқан. Осылайша журналистік дискурста этномузыкатану идеологиялық тұрғыдан негізделген белгі құрылымына айналды да, ауылдық немесе қалалық, жанды немесе таспаға жазылған мұраны сақтауға бағыттаушы ретінде қызмет етті.

Бұл екі түрлі мағыналық айырмашылық егер этномузыкатанушыға журналистер үстеген мағына жергілікті және ұлттық үкімет орындарындағы, тіпті академиялық құрылымдардағы қаржыландырушы агенттіктерде шешім қабылдайтын тұлғаларға ықпал етпегенде соншалықты маңызды көрінбес еді. Ұғымдарымыз бен категорияларымызға қандай мағына үстеуге тырысатынымызға байланысты, сонымен қатар сұқбат алатын жандардың термині пәндік салалардың құбылушы табиғатын есепке алсақ, біздің аналитикалық концепцияларымызды мазмұнын анықтайды. Біз бұған қоса зерттеу саламыздың әлеуметтік рөлі мен біз зерттеп жатқан музыкалық және мәдени әлеммен өзара қатынасын да есепке алуымыз қажет.

XIX ғасырдың соңынан бастап “música popular” термині музыка жайлы дискурста орталық ұғымға айналды және ауылдық жерлерде жинақталған, кең тараған қала әндеріндегі, ең соңында тіпті саяси мақсаттағы алуан түрлі репертуарлардағы «дәстүршілдікті» білдіре отырып, бірнеше рет қайта қолданысқа ие болды. Шын мәнінде, санаттау және ұғымдар мәселесі, сондай-ақ, жалпыға бірдей мамандарға бағытталған барлық музыкалық салаларға арналған бетбұрыс тұрғысындағы жұмыс және «Энциклопедия да музыка em Portugal» Século XX ғасырдағы маманға, сондай-ақ жалпы оқырманға бағытталған барлық музыкалық салаларға арналған анықтамалық жұмыс. 1982 жылы Нью-Де-Лисабада Университеттегі этномузикология бойынша алғашқы бағдарламаны іске қосқаннан бері қазіргі заманғы этномузикология кез-келген музыканы зерттеудің тұжырымдамалық және әдістемелік құралдарын ұсынатындығын және танымал музыка пәнінің оқу пәні болып табылатынын атап өтті және этномузикология осы заманғы тарихын да жасады. Лиссабондағы магистратура бағдарламасы кәдімгі, бірақ тұрақты студенттер санына ие болды. Көптеген студенттер консерватория немесе музыка мектебінде оқуын бастайды, университеттік бағдарлама бойынша жалғасады. 2006 жылы танымал музыкалық зерттеулерден кейін аспирантураны бастайды. Студенттерді қанағаттандыратын бағдарлама бастапқыда музыкалық танымал (қалалық танымал музыка) әлемнің музыканттарын тартты. Менің білуімше, бірде-бір студент бағдарламаға қатыспастан бұрын танымал музыкалық білім саласынан хабардар болған жоқ. Мен музыканттар мен олардың ортасы ретінде өз жұмыстарын жақсы түсіну үшін құралдарды алу мүмкіндігі ретінде көрген, бұл оларды Música популяр анімал ұғымымен тығыз сәйкестендіріп, оларды жетілдірілген этномузикологиялық зерттеуге тартқан.

## Қорытынды бақылау

Саясатты сыни сараптау және музыкалық санаттаудың дискурсивті динамикасы музыка мен билік арасындағы қарым-қатынастарды нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл музыкалық құбылыстардың жіктелуін музыкалық және әлеуметтік топшалау механизмдері, идеологиялық насихаттау, саяси бақылау және коммерциялық мүдделер ретінде қалай пайдалануға болатындығын тексеруге мүмкіндік береді. Музыканы жіктеу шарттары музыканы өндіру мен тұтыну. Музыкалық санаттар мен музыканттардың негізгі идеологияларын игеру, музыка өнімді дамытуға ықпал етеді, музыкалық өзгерістерді ынталандырады, олар стильдерді қайтадан жинаушылар мен ғалымдар қолданатын өлшемшарттарға сәйкес келуі үшін музыкалық санаттарды белгілейді. Португалиядағы бейресми құрылымдық топтар фольклористер құрған сұлбаға шектеу коюды, өнімділік стилдерін құруды немесе фольклористердің дәстүрлі түрде бағаланған стилистикалық элементтерін артық көрсететінін айтады. Мысалы, Алентиодағы хор топтары баяу қарқынды дамып келеді және олардың мінез-құлқының дәлме-дәлдігімен асқақтатады.

Музыкалық стильдер мен репертуарлардың нақты ұғымдары бар бірлестігі музыкалық өнімділіктің аясы мен мағынасын береді. Қазіргі Португалияда музыкалық пимба (яғни, композиторлық әндерді әлеуметтік биге арналған қарапайым әуендермен белгілеу үшін пайдаланылатын журналистік ұғым) немесе музыкалық танымалдылық ретінде маркетингтік қойылымдар мен коммерциялық жазбалардағы шешуші фактор, өнімділік орындарын таңдауда және түрлі белгілерге негізделген музыка құндылығы және аудиторияда тартылады.

Әртүрлі әртістердің ұғымдарына және олардың отставкаға кетуіне жүз жыл бойына белгілі бір мән-мағына беріліп, тарихи және этнографиялық жолмен музыкаға қатысты дискурстарға назар аудару қажеттілігі туындап, музыканы түсінуімізге мүмкіндік беретін историографиялық құралдарды дамытады. әртүрлі тәжірибедегі мәдени өндіріс домені және осы тәжірибелер жергілікті, ұлттық және жаһандық



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Португалия музыкасы /жалғасы/

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

деңгейде әлеуметтік, саяси және сауда қатынастарының күрделі желілерінің бөлігі болып табылады.

Әртүрлі өнерпаздардың ұғымдарына және олардың өнер жолынан кетуіне жүз жыл бойы белгілі бір мән-мағына беріліп, тарихи және этнографиялық жолмен музыкаға қатысты мәселелерге назар аудару қажеттілігі туындайды, тарихнамалық құралдарды дамытуға мүмкіндік беретін музыканы түсіну, әртүрлі мәдени өндіріс нысандары және осы тәжірибелер жергілікті, ұлттық және ғаламдық деңгейде әлеуметтік, саяси және сауда қатынастарының күрделі желілерінің бөлігі болып табылады.

Міне, қазіргі таңда Португалияда қалыптасып отырған этномузыкату саласындағы дәстүрлі музыканы жинау, хаттау және насихаттауда жинаған өзіндік тәжірибеге біздің елде де назар аудару керек сияқты. Осы ұлттық музыканың сақталуындағы игі қадамдар біздің елде де жүзеге асса деген тілек көкейде тұр.

### Дәріс бойынша қосымша ресурстар:

1. Каштелу-Бранку «Мәдени саясат», кітапта SE-S. (ред.), Enciclopedia da Musica em Portugal без Seculo XX, Лиссабон
2. Nettl B. (1978) 'Тегерандағы парсы классикалық музыкасы кітапта е', Қаланың сегіз музыка мәдениеті: Дәстүр және Өзгеріс, Урбана
3. С. и G. de Campos (1893-8) Cancioneiro de musicas populares, 3 томдық, Порту
4. Pestana M. do R. (2000) 'Vozes da Terra: Folclorizagao em Manhhouse, 1938-2000 ', магистерлік диссертация, Университет
5. Аппадурай А. (1996) Жалпы қазіргі заман: Жаһандандудың мәдени аспектілері, Миннеаполис
6. Бранко Дж. Ф. және Л. Т. Оливейра (1993) Ao encontro do Povo: I. Миссао, Оэйрас
7. Каштелу-Бранку, SE-S. (ed.) (2010) Enciclopedia da Musica em Portugal без Seculo XX, 4 томдық, Лиссабон
8. Cesar CAJ және A. Tilly (2010) « RTP da sangao фестивалі», кітапта SE-S. Кастело-Бранку (ред.), Enciclopedia da Musica em Portugal без Seculo XX, Лиссабон
9. Corte-Real M. de SJ (2000) «1960-ші және 1980-ші жылдардағы диктатурадан демократияға өту кезеңіндегі Лиссабонда мәдени саясат пен музыкалық көрініс», докторлық диссертация, Колумбия университеті
10. Эль-Шаван [Каштелу-Бранку], С. (1980) «Каир, Мысырдағы Аль-Музыка Аль-Арабияның әлеуметтік-саяси аясы: саясат, демеушілік, мекемелер және 1927-1977 музыкалық өзгерістер», Азиаттық музыка
11. Аль-Музыка Аль-Арабия: 1927–1977 жж. Каир, Мысырда қалалық музыка ұғымы», Докторлық диссертация, Колумбия университеті,
12. Gelbart M. (2007) «Халық музыкасы» мен «Көркем музыканы» ойлап табу:Оссианнан Вагнерге дейінгі жаңа категориялар, Кембридж университетінің баспасы
13. Скотт А. (2008) «Қозғалыстағы категориялар: музыкалық дүкеннің ішінде өтетін гитаралық сабақтардың әмбебаптық көптікті қолдану, Этномузыкалогия